

«Дарын» РҒПО директорының м.а
А.Каркулова
«28» _____ 2025 жыл



**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША 5-6 СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ
АУДАНДЫҚ КЕЗЕҢІН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ
(ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ ҮШІН)**

I. 5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінің пәндері (бұдан әрі - Олимпиада)

1. Олимпиада келесі пәндер бойынша өткізіледі:

- 1) математика;
- 2) жаратылыстану;
- 3) қазақ тілі мен әдебиеті;
- 4) орыс тілі мен әдебиеті;
- 5) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі;
- 6) қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі;
- 7) ағылшын тілі;
- 8) Қазақстан тарихы.

2. «Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі» пәнінен олимпиадаға тек ұлты қазақ емес оқушылар қатысады. Бұл ретте оқушының ұлты туу туралы куәлікте көрсетілген деректерге сәйкес анықталады (әкесі қазақ болмауы тиіс).

II. Олимпиада кезеңдері:

3. Барлық кезеңдер бір турда өткізіледі.
4. Олимпиада төрт кезеңде өткізіледі:
 - бірінші (мектепшілік) кезең
 - екінші (аудандық/қалалық) кезең
 - үшінші (облыстық) кезең
 - төртінші (қорытынды) кезең

III. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңнің тапсырмалары

5. «Дарын» РҒПО олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық), үшінші (облыстық) және төртінші (қорытынды) кезеңдерінің тапсырмаларын әзірлейді және құрастырады.
6. Олимпиаданың барлық кезеңдеріндегі тапсырмалар бірдей.

7. Тест саны – 30, максималды балл – 50, тест тапсырмаларының нысаны – «**бір дұрыс жауабы бар жабық**». Тест тапсырмаларында қанша баллға бағаланатыны көрсетіледі.

8. Тапсырмаларды орындау уақыты – **1,5 астрономиялық сағат бөлінеді**.

9. Әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы үшін:

- **1 балл** (1 деңгей);

- **2 балл** (2 деңгей);

- **3 балл** (3 деңгей).

10. Ең жоғары балл – 50 балл.

IV. Олимпиада турын өткізу кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:

11. электрондық түрдегі кез келген ақпаратты, жеке компьютерлерді, мобильді және интернет байланыс құралдарын пайдалану;

12. қатысушылар арасындағы әңгімелер;

13. орнынан тұрып, басқа қатысушының орнына ауысу;

14. қатысушылар арасында кез келген материалдармен және заттармен алмасу;

15. анықтамалық материалдарды, шпаргалкаларды, оқулықтарды пайдалану.

V. Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті

16. Аудандық, облыстық және республикалық кезеңдерді өткізу жөніндегі нұсқаулықты "Дарын"РҒПО әзірлеп, бекітеді.

17. Екінші (аудандық/қалалық) кезең **5 сыныптар үшін 12 қараша сағат 10:00-де** (жаратылыстану, математика, орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі, Қазақстан тарихы пәндері бойынша), сағат **13:00-де** (ағылшын тілі, қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі, орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша), **6 сыныптар үшін 13 қараша күні сағат 10:00-де** (жаратылыстану, математика, орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі, Қазақстан тарихы пәндері бойынша), сағат **13:00-де** (ағылшын тілі, қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі, орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша) қалалық және аудандық білім бөлімдерімен өткізіледі.

18. Олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңін ұйымдастыру және өткізу үшін мекеменің басшысы Ұйымдастыру комитетін (бұдан әрі - ұйымдастыру комитеті) құрады және бекітеді.

19. Ұйымдастыру комитетінің құрамына ұйымдастыру комитетінің төрағасы мен мүшелері кіреді. Төраға болып аудандық/облыстық/қалалық басқарманың басшысы айқындалады.

20. Ұйымдастыру комитеті:

- олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңін үйлестіреді және бақылайды;

- олимпиаданың қорытындыларын талдайды және қорытындылайды;

- олимпиаданың қорытындылары туралы ақпаратты облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалалары білім басқармаларына жолдайды;

21. Олимпиаданы өткізу орнын эпидемиологиялық жағдайға байланысты өңірлік ұйымдастыру комитеті анықтайды.
22. Олимпиаданы өткізу рәсімдері бойынша ұйымдастыру комитетінің кеңесі іс-шараға бір күн қалғанда өткізілуі тиіс. Кеңесте ұйымдастыру комитетінің басшысы жауапты адамдар мен кезекшілерге нұсқау береді.
23. Олимпиаданы өткізу үшін өткізілетін орында кабинетті толық көрсететін камерамен қамтамасыз ету, яғни ютуб-каналына бейнетрансляцияны қосу және сілтемені ресми сайтына орналастыру қажет. Интернет үзіліп қалса, бейнежазба жалғастырылуы тиіс. Бейнежазбаны олимпиаданың төртінші (қорытынды) кезеңі аяқталғанға дейін сақтауы тиіс.
24. Орындалған жұмыстарды бағалау, оқушылардың жұмыстарын тікелей тексеру, тапсырмаларды талқылау және түсіндіру үшін қазылар алқасы мүшелерінің құрамы бекітіледі. Аудандық-қалалық кезеңінде Апелляция қарастырылмаған. Қазылар алқасының құрамына жоғары білікті әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер және аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің өкілдері, сондай-ақ мектеп, ЖОО түлектері және студенттер болып табылатын облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері кіруі мүмкін.
25. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңнің аяқталу қорытындылары бойынша ұйымдастыру комитеті кезең аяқталған сәттен бастап өткізілетін күні қорытынды хаттама жасалады (Қосымша №1-ге қараңыз).
26. Әр пән мен сынып бойынша олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңіне қатысу үшін командалар құрылады.

VI. Тапсырмаларға жауапты адамға арналған нұсқаулық:

27. Тапсырмалар жүктелетін сайтқа кіру мүмкіндігі (логин және пароль) жауапты қызметкерге басталғанға дейін 1 күн бұрын жіберіледі, әр аймақта таңбасы (маркировкасы) бар тапсырмалар болады (тапсырмалардың таралып кетуіне жол бермеу үшін). Жауаптар жауап бланкілерінде толтырылуы тиіс.
28. Олимпиада тапсырмалары Олимпиада басталғанға дейін 1 сағат бұрын "Дарын" РҒПО сайтында қолжетімді болады- <http://ro.daryn.kz> жауапты қызметкер сайтқа 5-6-сынып Республикалық олимпиада бөліміне кіреді, логин мен пароль енгізеді, содан кейін тапсырмаларға қол жеткізеді. Тапсырмалар қатысушылардың саны бойынша басып шығарылуы тиіс.
 - <http://ro.daryn.kz> сілтеме арқылы көрсетілген уақыт бойынша өту қажет
 - Аймақтың паролін енгізіңіз. Жүктеу түймесін басыңыз.
 - Тапсырма мұрағатта жүктеледі.
 - Құпиясөзді үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалардың құпиясөздерін пайдалануға тыйым салынады.
29. Қатысушылар жауап бланкісіне көк сиялы қаламмен жауап береді.
30. Жауаптар олимпиада аяқталғаннан кейін жіберіледі. Тексеру барлық өңірлер олимпиаданы аяқтап, жауап бланкілерін жинаған кезде басталады
31. Барлық турлардың есептерін шешуге – **1,5 астрономиялық сағат бөлінеді.**

32. Тапсырмаларды көбейту шаралары аудандық (қалалық) білім басқармасының сайтында және әлеуметтік желілерде тікелей бейне трансляцияда көрсетілсін.

33. *Әлеуметтік желіде немесе интернет-ресурстарда жауапты қызметкер жүктеп алған қала/аудан маркировкасы бар файл анықталған жағдайда, кез-келген уақытта (Олимпиада аяқталғаннан кейін де) аталған аудан/қала Олимпиадаға қатысудан шектеледі және қатысушылардың нәтижелері жойылады.*

VII. Аудиториядағы (сыныптағы) кезекшіге арналған нұсқаулық:

34. Олимпиада басталғанға дейін кемінде 60 минут бұрын олимпиаданы өткізу орнына келу.

35. Олимпиаданың талаптары бойынша аудиторияның (сыныптың) дайындығын алдын ала тексеру.

36. Кабинеттің жалпы түріндегі камераның болуын алдын ала тексеру, яғни мектептің ютуб-арнасына бейнетрансляцияны қамтамасыз ету.

37. Олимпиада басталғанға дейін 15 минут бұрын қатысушылар аудиториясына кіргізу (бекітілген тізімге сәйкес).

38. Олимпиада басталғанға дейін 10 минут бұрын әр қатысушыға олимпиадалық тапсырмалар мен жауап бланкілерін тарату.

39. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларын Республикалық олимпиадаға қатысушыларға арналған нұсқаулықпен таныстыру;

40. Олимпиадалық тапсырмаларды орындаудың барлық уақыты ішінде аудиторияда тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз ету;

41. Егер Олимпиада кезінде қатысушы ауырып қалса, оны кезекші мұғалімге дәлізге шығарып, медицина қызметкерін шақыру керек;

42. Олимпиада аяқталғанға дейін 30 минут және 10 минут бұрын қалған уақыт туралы хабарландыру жасаңыз;

43. Қатысушы олимпиаданы өткізу ережелерін бұзған жағдайда оны Олимпиададан шеттету;

44. Қатысушыны Олимпиададан шеттету туралы Акт жасаңыз (шеттету ұйымдастыру комитетінің кемінде екі мүшесінің қолы қойылған және қатысушының жеке қолы қойылған арнайы актімен ресімделеді. Қатысушы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған "Қол қоюдан бас тартты" деген жазба енгізіледі. Олимпиададан шеттету туралы акт жасалса, қатысу нәтижелері жойылады);

45. Уақыт өткеннен кейін қатысушылардың жауап формаларын жинаңыз;

46. Жауап бланкісінің қағаз нұсқасын тексергеннен кейін конвертке жинау керек, онда ұйымдастыру комитетінің төрағасы, кезекші мен байқаушы қол қойып, конверттің ашып-жабылған күнін, уақытын қоюы тиіс, содан кейін конверт мектептің мөрімен мөрленіп, аудандық (қалалық) білім бөліміне жіберіледі;

47. Бланктері бар конверт олимпиаданың қорытынды кезеңі аяқталғанға дейін сақталуы тиіс.

VIII. Олимпиаданы өткізу тәртібін бақылаушыға арналған нұсқаулық:

48. Олимпиаданы өткізу тәртібін бақылаушы басқа мектептің немесе ұйымның өкілдері болып табылады (олар мұғалімдер, жақын аудандағы мектептер директорларының орынбасарлары, әдіскерлер, аудандық (қалалық/ облыстық) білім бөлімдерінің өкілдері болуы мүмкін);

49. Олимпиада басталғанға дейін кемінде 60 минут бұрын олимпиаданы өткізу орнына келу;

50. Нұсқаулыққа сәйкес Олимпиаданың адал және объективті ұйымдастырылуын бақылау;

51. Тәртіп бұзылған жағдайда ұйымдастыру комитеті тарапынан бұзушылық туралы хаттама жасау және аудандық (қалалық) білім бөліміне жіберу;

52. Конвертте жиналған жауап бланкісінің қағаз нұсқаларын тексергеннен кейін конвертке қол қояды, содан кейін конверт мектептің мөрімен мөрленеді және аудандық (қалалық) білім бөліміне жіберіледі.

Ақпарат үшін тел. +7 7172 57-65-74

Сәттілік тілейміз!

Республикалық ұйымдастыру комитеті

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША 5-6 СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ҚАТЫСУШЫНЫҢ
НҰСҚАУЛЫҒЫ**

5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың пәндері (бұдан әрі - Олимпиада) келесі пәндер бойынша өткізіледі:

- 1) математика;
- 2) жаратылыстану;
- 3) қазақ тілі мен әдебиеті;
- 4) орыс тілі мен әдебиеті;
- 5) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі;
- 6) қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі;
- 7) ағылшын тілі;
- 8) Қазақстан тарихы.

Барлық кезеңдер бір турда өткізіледі.

Олимпиада төрт кезеңде өткізіледі:

- бірінші (мектеп) кезең
- екінші (аудандық, қалалық) кезең
- үшінші (облыстық) кезең
- төртінші (қорытынды) кезең

Олимпиаданың барлық кезеңдеріндегі тапсырмалар бірдей.

Тест саны – 30, максималды балл – 50, тест тапсырмаларының нысаны – «**бір дұрыс жауабы бар жабық**». Әр тапсырманың жанында тапсырма қанша балл бағаланатыны көрсетіледі.

Тапсырмаларды орындау уақыты – **1,5 астрономиялық сағат**.

Әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы үшін:

- **1 балл** (1 деңгей);
- **2 балл** (2 деңгей);
- **3 балл** (3 деңгей).

Олимпиадаға қатысушылар міндетті:

- олимпиада басталғанға дейін кемінде 15 минут бұрын Олимпиада өтетін жерге келу;
- ұйымдастырушының сүйемелдеуімен артық заттарды арнайы бөлінген орында қалдырып, аудиторияға өту;

- ұйымдастырушы көрсеткен орынға отыру;
- тапсырмасы бар бланк алу;
- жұмысты орындау жөніндегі нұсқаулықты тыңдау;
- тапсырманы орындауға кірісу.

Олимпиада қатысушылары құқылы:

1. Олимпиаданың басталуына кешіккен қатысушылар жарысқа қатысуға құқылы, бірақ олар үшін тапсырмаларды орындау уақыты ұзартылмайды.
2. Қатысушылардың жұмыс орнында қажетті және рұқсат етілген кеңсе заттары (жазу құралдары, ауыз су және шоколад) болуы мүмкін.
3. "Математика" пәні бойынша олимпиадаға қатысушылар қалам, қарындаш, сызғышты пайдалана алады.

Олимпиаданы өткізу кезеңінде:

- ұйымдастырушылар олимпиаданың басталу уақытын жариялағаннан кейін (олимпиаданың басталу және аяқталу уақыты тақтаға жазылады) жұмысты орындауға кірісу;
- Олимпиадаға қатысушылар олимпиада жұмысын аудиториядағы жауапты ұйымдастырушыға тапсырып, олимпиада кезінде аудиториядан дәлелді себеппен (санитарлық бөлмеге, медициналық кабинетке) шығуы мүмкін. Мұндай кезде олимпиада орындау үшін уақыт ұзартылмайды.

Олимпиада аяқталғаннан кейін:

- қатысушы аудиториядан олимпиада аяқталу уақытына дейін, ұйымдастыру комитетінің мүшелеріне жауаптары бар олимпиада тапсырмасының бланкісін, сондай-ақ черновикті міндетті түрде тапсырып, шыға алады;
- ұйымдастырушылардың нұсқауы бойынша аудиториядан шығу.

Ескерту: олимпиада материалдарын мерзімінен бұрын тапсыруға рұқсат етіледі.

Олимпиадалық тапсырмалардың критерийлеріне, бағалау әдістемесіне және орындалу нәтижелеріне апелляция беру көзделмеген.

Олимпиада турынын өткізу кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:

- электрондық түрдегі кез келген ақпаратты, жеке компьютерлерді, мобильді және интернет байланыс құралдарын пайдалану;
- қатысушылар арасындағы әңгімелер;
- орнынан тұру;
- қатысушылардың орындарын ауыстыру;
- қатысушылар арасында кез келген материалдармен және заттармен алмасу;
- анықтамалық материалдарды, шпаргалкаларды, оқулықтарды пайдалану.

Қатысушы олимпиаданы өткізу ережелерін бұзған жағдайда оны Олимпиададан шеттету туралы Акт жасалады.

Қатысушы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған *"Қол қоюдан бас тартты"* деген жазба енгізіледі. Олимпиададан шеттету туралы акт жасалса, қатысу нәтижелері жойылады.

**5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың
ХАТТАМАСЫ**

Пәні:

Сыныбы:

Қазылар алқасының төрағасы:

Қазылар алқасының мүшесі:

№	Облысы	Қала/аудан	Мектебі	ID	Аты-жөні	Сыныбы	Балл	Барлығы
1								
2								
3								
4								
5								
6								
7								
8								
9								
10								

Қазылар алқасының төрағасы _____

Қазылар алқасының мүшелері _____

**5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың
қатысушыны шеттету туралы
Акт**

Күні _____

Қатысушы _____ аты
жөні _____

Сынып _____

Білім беру ұйымының толық атауы

_____ (ауданы, қаласы,

облысы)

Акт

жасалды _____

_____ (Аудиторияда жауапты ұйымдастырушының аты-жөні)

Қатысушыны шеттету себебі

Ұйымдастырушының қолы _____ /

Аудиториядағы _____ ұйымдастырушының
қолы _____ / _____